

А. Мұхамеджанова

А. НҰРҚАТОВТЫҢ ӘДЕБИ-СЫН ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ӘУЕЗОВТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

А.Нұрқатов әдебиетке елуінші жылдардың басында келіп қосылып, он-он бес жыл көлемінде екі монографиялық еңбек пен жүздеген әдеби-сын мақала жариялап үлгерген қаламгер. Белгілі сыншы 1954 жылы «В.Маяковский және қазақ совет поэзиясы» атты кандидаттық диссертация қорғап, әдеби сынға ғылыми дайындықпен, теориялық біліммен қарулана келген талантты қаламгерлердің бірі болатын. Сыншының Абай, М.Әуезов шығармашылығына қатысты ғылыми тұжырымдарынан шығармашыл тұлға мен оның дәуірінің қыр-сырын, әдеби процесті жетік білетін біліктілік, жетістік пен кемшілікті қатар көрсете білген білімділікті аңғаруға болады. А. Нұрқатовтың әдеби-сын мұрасы жайында айтқан тұста оның сыншылығы ақындық, аудармашылық өнермен де ұштасып жатқандығын ескеруіміз қажет.

50-ші жылдар - сынның жаңа белеске көтеріліп, әрі оның өнер ретінде мойындалуына ықпал еткен кезең. Сол жылдардан бастап сын тек әдеби ортаға ғана қозғау салып қоймай, қалың оқырман қауымның көркем талғамын қалыптастыруға да зор ықпал етті. Елуінші жылдардағы сын баспасөз бетіндегі әдеби-сын мақалалармен ғана шектеліп қалмай, монографиялық зерттеулерге ұласып, әрі сол ізденістер өз жемісін бере бастаған шақ болатын. Сол кезеңнің елеулі ғылыми зерттеулерінің бірі 1957 жылы жарық көрген А.Нұрқатовтың «Мұхтар Әуезов» атты монографиялық очеркі еді. Б.Сахариеттің пікіріне ден қойсақ бұл еңбек «Әуезов творчествосы жөніндегі толассыз пікірлерді жүйеге салған, ал бірқатар талас мәселелердің басын ашып, орынды дәлелдемелерімен тың пікір айтқан алғашқы еңбектердің бірі болды» [1, 6]. Сыншының қысқа ғұмырында артына қалдырған екінші бір елеулі еңбегі-«Қазақ поэзиясындағы Абай дәстүрі» деп аталатын монографиялық зерттеуі. Ғалым-сыншы еңбегін жазып бітіргенімен, жариялап үлгермеген. Үшінші еңбегі - 1956-1960 жылдар аралығында жазған мақалаларынан құрастырылған «Идея және образ» деген атпен жарияланған жинақ.

Сыншы қаламгер М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында аға қызметкер бола жүріп, қазақ әдебиетінің көп томдығын шығару шарасына белсене атсалысып, оның

белді мүшелерінің біріне айналған. Мұның үстіне А. Нұрқатов орта мектепке арналған әдебиет оқулығының жарыққа шығуына да ықпал еткен талантты авторлардың бірі. Әдебиеттану ғылымы мен сын саласында қатар еңбек еткен А.Нұрқатовтың артында қалған әдеби-сын мұрасы көлемі жағынан қораштау көрінгенімен, ғалым зерттеулеріндегі терең пайым мен тың тұжырымдардың ғылыми құндылығын ешкімнің жоққа шығара алмасы анық. А.Нұрқатовтың 1965 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «М.Әуезов творчествосы» атты еңбегін мақаламыздың зерттеу нысаны етіп алып отырмыз. Еңбек сыншы дүниеден қайтқан соң көп ұзамай жарияланған. М.Әуезов шығармашылығына қатысты сыншы ғалымның пікірі өз кезеңі үшін де, кейінгі жылдардағы зерттеулерге негіз болар қайнарлар мен бағыттарды ашып көрсеткен қорытындыларымен құнды. Монографиялық очерк алты мақаладан тұрады. Мақалалар ұлы жазушының алғашқы әңгімелеріне қатысты зерттеулерден басталып, «Абай» романы мен жазушының драма жанрындағы шеберлігін талдауға арналған әдеби-сын зерттеулермен тұйықталады.

Әуезов шығармашылығына қатысты сыншы пікірлерінің құндылығының үстіне назар аударуға тиісті екінші бір жай - 50-60-шы жылдардағы идеологиялық саясаттың заманға қабыспайтын әрбір жаңа пікірді мүлт жібермей отырған қырағылығы сыншының кей ойларын қысқа қайырып, іркіп ұстауына әсер еткендігі. Заманының талабына орай сыншы кей байламдарын объектісінің тереңдігі мен ауқымдылығына қарамастан, шолақ қайыруына, көп жайдың мәнін әлеуметтік тақырып ауқымынан іздеу сарынына салып жібереді.

Сыншы зерттеулерінің құндылығының бір қыры - зерттеу нысанына алынған шығармашылықтың ешкімге ұқсамайтын даралығымен қатар кемшін түскен жайларын да ашып көрсеткен әділ сыншылығында. Бұл да А.Нұрқатовтың сыншыға тән мінезін танытатын мысалдың бірі болмақ. А.Нұрқатов шығармашылықты зерттеуде тұтастық принципін ұстана отырып, қаламгердің көркемдік ізденіс жолының эволюциялық сипатын тануға тырысады. Сыншы «Творчестволық бастау» аталатын Әуезов шығармашылығына арналған алғашқы мақаласын

дәл осы мақсат тұрғысынан бастайды. «...Біздің әдеби сынымызда басқа аға суреткерлеріміз сияқты, М.Әуезовтің творчествосы жайында да аз жазылған жоқ. Бірақ сол зерттеулердің басым көпшілігі, дені Абай туралы эпопеяның ғана төңірегінде ой топшылаумен тынады... Жазушының Абай туралы эпопеяға келу жолы, творчестволық сапарының бұлақ-бастауы мен бел-белестері мүлдем аз, тым тапшы зерттелді» [2, 10] дейді. Сыншының қай шығармашылықты зерттеуде де маңызды болып қала беретін позициясы кейінгі кезеңдердегі көркем тұтастық мәселесін ескере бермейтін ғылыми зерттеулерге де үлгі болып қала бермек. Сыншы қаламгер шығармашылығын даму үстіндегі, үздіксіз өсу мен жаңарудан тұратын процесс деп қарайды.

А.Нұрқатов Әуезовтің «Қараш-Қараш» атты көлемді кітабына енген шығармаларына тоқталады. Сыншы жазушының өзі суреттеп отырған жайға қатысты авторлық позициясына ерекше мән береді. «Бұдан бұрын да бірнеше рет басылған «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі жиырмасыншы жылдардағы жас прозамыздың санамалы тәуір шығармалардың бірі болатын. Соңғы жылдары жазушы осы повесін толықтырып өңдеді, оның сюжеттік желісіне соны оқиғалар мен жаңа кейіпкерлер енгізді» дей отырып, сыншы повестің тілінің байлығы мен суреттілігін атап өтеді.

Сыншы жазушының алғашқы кезеңдегі шығармаларының көркемдік әдісі мен творчестволық тәсіліне назар аударады. «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі реализмнің сырын ашуға тырысады. Жазушының «адам тағдырын, оның іс-әрекетін реалистік жағдайда тұтас алып суреттеуге ұсталығы, оның мәдениеті жоғары әдебиет дәстүріне ден қойғандығы, суреткерлік алғырлығы» [2, 13] сияқты қырларын ашып көрсетеді. «Суреткерлік алғырлық» деп дәл айтылған бағаға қосылмасқа амалымыз жоқ. Әуезовтің алғашқы әңгімелеріндегі реалистік тәсілдің өзгеше сипатын дәл байқайды да, ойын сыншы былай деп қорытады: «Бұл- оның ащы шындықты ақтара ашуға ұмтылуы және қарапайым жандардың талайсыз тағдырына селт еткіш сезімталдығы мен тебірене іш тартуы» [2, 14]. Пікірдің астарынан жоғарыда айтып өткен автор позициясы мен лирикалық тәсіл көрінісін байқаған сыншы жітілігін танимыз. «Үйлену», «Сөніп жану» атты әңгімелерінің табиғатына қатысты да бұрын-соңды айтыла қоймаған пікірді ортаға салады. Сыншы пікірінше әңгіменің артықшылығы - ондағы сынның ашық түрде емес, нәзік астарлы юмормен берілуінде.

А.Нұрқатов Әуезовтің «Қаралы сұлу», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Көксерек» әңгімелеріне талдау жасайды. Қарагөз бен Ғайшаның көңіл-күй сәттерін суреттеуде натурализмнің бар екендігіне, тұтастай алып қарағанда жазушының дүние танудағы, уақыт ағысын бағдарлаудағы кейбір шектеушілікке, тарандыққа бой алдырғанымен, суреткерлік зор талантын реалистік бағытқа сарп еткендігіне тоқталады. Қазіргі күн биігінен қарасақ, сыншының жазушы әңгімелерін бағалауда кей тұстарда заман талабына сай келе бермейтін жайларды ашып, ізерлей жазудан әдейі бойын аулақ салғандығын байқаймыз. Есесіне «Қыр суреттерінің» жанры мен ерекшелігіне қатысты «олар жазушының соқталы шығармалар жазар алдындағы өз қаламының күшін барлап байқауының, көркемдік бояу рендерін тандап, салғастырып көруінің куәсі, жекелеген эскиздер тәрізді» [2, 15] деген пікірінің маңызы ерекше. «Көксерек» шығармасын «тілінің ғажайып көркемдігі мен қисапсыз молдығы жағынан бұл повесті жазушының тек кейін кемеліне келген кезінде жазған шығармаларымен ғана салыстыруға болады» деген ойының астарынан Әуезов шеберлігінің уақытқа тәуелсіз табиғатын айтқысы келген бағасын аңғарғандай боламыз.

Сыншы Әуезов әңгімелерінің шебер шығуына әсер еткен бір арна ретінде классикалық орыс әдебиетіндегі гуманизм мен ондағы қарапайым жандардың тағдырына зер салып, оларды іш тарту сарынымен ұласып, табысып жатқандығымен байланысты екендігін де атап өтеді. А.Нұрқатовтың жазушы әңгімелеріне қатысты бағасын оның мына ойларымен тұжыруға болады: «М.Әуезов өзінің майталман суреткерлігін, тілінің ғажайып молдығы мен бейнелілігін, әлеуметтік халдердің де, жеке адам өмірінің де небір қалтарыс түпкірлеріне барлап үңілер байқағыштығын да әуел бастан көрсетті» [2,17].

Сыншының «Ел өмірінің айнасы» атты мақаласы Абай жайындағы романдарын зерттеуге арналған. Мақаланың ел өмірінің айнасы деп аталуы да тегін емес. Сыншының романдағы ақын мен оның халқы арасындағы қатынасқа, дәуір тынысына ерекше мән беретіндігі байқалады.

Әуезовтің ұлы ақын жайындағы шығармасының бірнеше кітаптан тұратындығына орай оны сыншы «Абай» жайындағы романдар деген ортақ атпен атайды. Нұрқатов жазушының аталмыш шығарманы жазудағы сарыла ізденген байсалды да қайсар мінезімен қатар романның

Әуезовтің «творчестволық өмірінің өрісті өзегіне, жазушылық еңбегінің мағынасы мен мақсатына айналғандығын» атап өтеді. Сыншы «Абай» романын тарихи роман ретінде бағалайды. Алайда тарихи романның бәрін бір қалыппен бағалауға болмайтындығына, творчество адамына арналған шығарманың әлем әдебиетінде әртүрлі үлгілерінің болғандығына, соның ішінде Абай жайындағы романның өзгеше табиғатына тоқталады. Тарихи романның қалыпты шарттарымен қатар, Белинский дәл атап көрсеткен «...Біз қазір мынаны жақсы білеміз: әрбір халықтың және бүкіл адам баласының ой-санасының белгілі бір дәуірдегі көрінісі саналатын искусство - сол халық өмірінің тынбай соғатын тамыры тәрізді, сондықтан да искусствоның дамуы мен тарихы халықтың немесе адам баласының дамуымен және тарихымен тығыз байланысты» деген пікірдің «Абай» романын тануға тигізер әсері зор болмақ. Сыншы жазушының тарихи роман жанрындағы ізденісін автордың өз пікірінен тарқата отырып сабақтайды. Әуезов оқыған тарихи шығармалардың жазушыға бірдей оң әсер етпегендігі белгілі. «... менің оқығандарымның бәрі бірдей қанағаттандырған жоқ, бірін ұнатсам, бірін ұнатпадым. Бірақ екеуінің де пайдасы болды, екеуінен де үйрендім. Бірінен қалай жазу керектігін үйрендім, бірінен қалай жазбау керектігін үйрендім» деген жазушы пікірінен оның тарихи тақырыпты игерудегі принципін аңғаруға мүмкіндік аламыз дейді сыншы. Осы тұста жазушының Абай жайындағы романдан бұрын да тарихи тақырыпқа қалам тартпақ ниеті болғандығын ұмытпағандығымыз жөн.

Нұрқатов Әуезовтің аталмыш романды жазуда үлкен қиындықтарға тап болғандығын, «ұлттық сипаты мол шығармаларда» өзгеше белгілер мен өзіндік ерекшеліктердің болатындығын, сондай-ақ тарихи-әлеуметтік жағдайларға орай жазба деректердің тым мардымсыздығы роман жазуда көп кедергі келтіргендігіне тоқтала келіп, «Бұл ретте М.Әуезовке шығармаларының нақтылы мазмұнымен, тақырыптық-идеялық сарындарымен Абайдың өзі көп жәрдемдескені күмәнсіз» деген қорытындыға тоқтайды.

Сыншы шығарма жанрының табиғатын саралай келіп, творчество адамы жайындағы романның өзгек табиғаты болатындығын айта келіп, ойын былай деп тұжырымдайды: «...Жазушы Абайдың әлеуметтік қызметін, іс-әрекетін оның творчасымен тығыз байланыстыра отырып суреттейді, сөйтіп ақын творчест-

восының психологиясын терең ашады және оның шығармаларын нәрлендірген, туғызған себептерді – ақын творчасының түп төркінін де шынайы, нанымды көрсетеді» [2, 35].

А.Нұрқатов роман поэтикасына қатысты бірнеше құнды пікір айтады. Ол ой-тұжырымдардың әлі күнге маңызын жоймағандығын айта кеткендігіміз жөн. Біз тоқталғалы отырған сыншы пікірлерінен тұтасты бөлшек арқылы таныған байқампаздық пен жазушы шеберлігін танытатын көздерді дәл аңғаратын жітілікті байқадық. Сыншы, ең алдымен, романның әсерлілігін күшейтетін тәсілдерді тап басады. «Абай» романының бірінші кітабында жазушы ерекше бір суреттеу тәсілін қолданады. Бұл романда суреттелетін оқиғаларға автордың көбінесе өзінің жас геройының көзімен қарауы және соның түйсінулері мен сезінулері арқылы бейнелеуі. Міне, осындай көркемдік ерекшелік романның өн бойына аса бір тартымды, әсерлі рең беріп отырады» [1, 39] деген ой тастайды. Сыншының бұл пікірі бүгінгі күн тұрғысынан бағалағанда соншалықты өзекті болмағанымен, роман жазылған уақыттың ізін ала айтылған пікір екендігін ескерсек, маңызы сөзсіз артады.

Сыншы бір мақаласында Әуезовтің Абай жайындағы шығармасының тереңдігі мен кең тыныстылығын тануда Ғ.Мүсірепов тұжырымдарының үлкен маңызы бар екендігін айта келіп, кейінгі жылдардағы зерттеулердің кейбірі жазушы ойын қайталаумен шектелсе, екіншілері сондағы айтылған ойды кеңейте, қаза зерттеумен айналысуда деген ой айтады. Шынында да, Әуезов шығармашылығына қара бұлт үйіріліп, роман мен оның авторының тағдыры сан түрлі пікірдің талқысына түскенде Ғ.Мүсірепов айтқан объективті пікірдің орны ерекше болғандығы сөзсіз. Сыншы үшін Мүсірепов сынды сұңғыла суреткер пікірінің қаншалықты әсері болғандығын дәл айту қиын, десек те Нұрқатовтың жазушы шеберлігін байқататын тәсілдерді дөп басып айтудағы қырағылығы таңдандырмай қоймайды.

А.Нұрқатов романдағы табиғат суретінің сан қырлы көркемдік қызметін саралап көрсетіп береді. Романның алғашқы кітабындағы табиғат суреттерінің өзіндік ерекшелігі бар екендігін айтады. Алғашқы романдағы табиғат суреті Абайдың көзқарасын, сезімі мен жан толқындарын астарлы түрде ашады дейді сыншы. «М.Әуезов табиғат суретін беруде де өзін үлкен суретші ретінде көрсетеді. «Абай» және «Абай жолы» романдарынан қазақ совет әдебиетіндегі пейзаждың классикалық үлгілері болып табылатын тамаша табиғат суреттерін кездестіреміз...

Табиғат суретін беру Әуезов үшін дара мақсат емес, ол пейзажды өзінің авторлық идеясына сәйкестендіріп, үнемі құбылтып, құлпырта отырып қолданады» [2, 126]. Сыншы сонымен қатар табиғат суретінің кейіпкер табиғатын тануға әсер ететін көркемдік қызметін де атап өтеді. Нақтырақ айтсақ, Нұрқатов Абайдың көңіл-күйіне байланысты алынған табиғат суреттеріне ақын сезіміне лайық бояулар мен өрнек-нақыштар мол араласып отырса, Әбіштің түйсінулері арқылы берілетін пейзаждық көріністер басқа бір алуан болып келетіндігін ескертеді.

Табиғат суреті кейде болғалы тұрған оқиғаға көркем мекен ретінде алынады да, сол арқылы оқушыны психологиялық тұрғыдан дайындайды дейді сыншы. Мұнымен қоса, сыншы-қаламгер пейзаж шығарманың оқиғаларын дамытуға септігін тигізіп, оларды өзара тұтастырып, мотивировкалық қызмет те атқаратындығына назар аударады. Нұрқатов Әуезов шығармаларындағы пейзаждың көркемдік қызметін барынша толық сараптау мақсатында тағы да бірнеше ерекшелікті атап өтеді. Соның бірі-пейзажды жазушының жанама мінездеуде де сәтті қолдануы. «Абайдың өз өлеңдеріндегі пейзажды да шеберлікпен пайдалана, бере білгенін байқау қиын емес» деген сыншы пікірінің маңызы өз алдына. А. Нұрқатов ойын романның

алынған үзіндімен дәлелдейді. «Роман геройы мен Абайдың өз өлеңдеріндегі лирикалық геройдың түйсінулері, тебіреніс-толғаныстары мен ой-сезімдері осылайша өзара ұласып келетін мұндай эпизодтар М.Әуезов эпопеясында мол ұшырасады» [2, 128] дейді.

Табиғат суретінің жоғарыда айтқан көркемдік қызметінің бар қырынан сәтті шығуына жазушы тілінің суреттілігінің зор әсері болғандығы сөзсіз. «Енді біраз тұрғанда Абай көзі тағы да жылжып өтіп, әр сәтін айқын танытып бара жатқан бейуақ мезгілін аңғарады. Кеш жеңіп келеді. Көлеңкелер тұтасып барады» деген жолдардағы суретті тек көріп қана қоймайсың, сезінесің дейді сыншы. Абай лирикасымен астасып жатқан романдағы табиғат суретінің сезімге әсер беріп, оқырманның көңіл көзін ашпауы мүмкін де емес.

1. Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов творчествосы / Сахариев Б. Алғысөз. - Алматы: Жазушы, 1965. -400 б.

2. Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов творчествосы. -Алматы: Жазушы, 1965. -400б.

В этой статье дается анализ научных взглядов известного критика А.Нуркатова на прозу М.Ауезова.

Making analysis of A. Nurkhatov's scientific inferences which concern M. Auezov's prose is considered in this article.